

ФИЗИЧЕСКАЯ, ЭКОНОМИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ

ӘОЖ 821.512.122.09.01

Қ.Т. Сапаров

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ЛАНДШАФТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ТОПОНИМДЕРДЕ БЕЙНЕЛЕНУ ДӘРЕЖЕСІ

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Мақалада Павлодар облысы деректері негізінде ландшафтар тұрпаттарының қазақ жер-су атауларында (топонимдер) көрініс табуы және сол топонимдердің «ландшафтық индикатор» рөлін атқаратыны көрсетілген. Сонымен қатар ерекше қорғалатын табиғи нысандармен топонимдердің өзара байланысы жөнінде сөз болады.

Біздің елімізде қазіргі таңда 9 мемлекеттік қорық, 66 қорыққор (оның 44-і зоологиялық, 20-сы ботаникалық, 2-үі палеонтологиялық) 6 ұлттық саябақ және 24-тен астам табиғат ескерткіштері бар /1/. Әрине, Қазақстан аумағына шаққанда қорғалатын жерлер барлық жердің 3 пайызын қамтиды. Зерттеу аймағында табиғат қорғау шараларын ұйымдастыру идеяларының қазақ қоғамында ертеден болғандығы жер-су атауларында (*Қорықбол, Кеңқорық, т.б.*) сақталған.

Қазақтың жер шаруашылығын зерттеу, анықтау, мәлімет жинау жұмыстарын жүргізген Ф.А. Шербинаның басқаруымен жинақталған 13 томнан тұратын ғылыми зерттеу еңбегінің маңыздылығын атап кету орынды /2/. Экспедиция жұмысы барысында Ә. Бөкейхановтың қазақ қоғамындағы әр алуан өзгерістерді жетік білетіндігі айқындала түсті. Қазақтардың талай ғасырлық жинақталған тәжірибелерінің құпия сырларын зерделеп, ауыл шаруашылығының қазақи ұғымдарын тұңғыш рет ғылыми түсінікке енгізіп, «қыстау», «жайлау», «күзеу», «шаңырақ меншігі», «қой бөлік», «ата бөлік», тағы басқа қазақша төл ұғымдарымызды экономикалық категорияларға жіктеді /3/. Қыстау маңындағы шөбі шүйгін жерлерді ауыл болып қорғаған, сондықтан мұндай жерлер «қорықтар» деп аталып, әлсіз малдар үшін пайдаланылған.

Ф.А. Шербина «Әрбір рудың өздеріне тән жылдың әр мезгілінде қоныстайтын жекелеу жайылымдарын «қой түлік», қой жаятын немесе «ата түлік» қор (ресурс) ретінде бағалап, шөп қорын әртүрлі жағдайда қажеттілік үшін сақтаған», – деп жазады /4/. Бұл жерден *қорық* сөзінің шығу тегі қоршалған жайылым, шабындықтар, аң аулайтын жерлерді қорғау әрекетінен туындаған деп топшылаймыз.

Сонымен, жергілікті жердің ландшафт сипатын анықтайтын *қорық* сөзі биогеноцездің қасиеті мен құрылысы жайында мол ақпарат береді деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, қорық ұйымдастырылатын жердің табиғаты, сол аймақтың ландшафтық географиялық белдеуінің үлгісі ретінде қорғалуы қажет. Қорықтарда тек саны азайып, жойылып кетуге

жақын тұрған жануарлар мен сирек кездесетін өсімдіктер ғана қамқорлыққа алынып қоймай, сонымен қатар өлкеміздің көрікті табиғат ландшафтары, жалпы табиғат кешендері сол қалпында сақталады /1/.

Ұлттық саябақтардың мемлекеттік қорықтардан елеулі айырмашылықтары бар. Ұлттық саябақтың негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттік табиғи қорық қорын, биологиялық алуандылығын, ерекше экологиялық, рекреациялық және ғылыми мәнге ие қайталанбас табиғи және тарихи-мәдени кешендер мен нысандарды сақтау. Сонымен қатар ұлттық саябақтарда табиғат кешендерін адамдардың тынығып демалуымен ұштастыра отырып, табиғат қорғаудың ғылыми негіздегі әдістерін пайдаланып жүзеге асырылады.

Қорықша (қорыққор) табиғатты, оның өсімдіктер мен жануарлар дүниесін немесе табиғат кешенінің белгілі бөлігін қамқорлыққа алудың бір формасы ретінде қорғауға алынған аумақ және қорықтан айырмашылығы мұнда шаруашылық әрекеттер мен қорғау ісі бірге ұйымдастырыла береді /5/. Мемлекеттік табиғат ескерткіштері мен қорықшалар зоологиялық, ботаникалық, орман, дендрологиялық, гидрологиялық, геологиялық (палеонтологиялық), геоморфологиялық, топырақты, ландшафты және кешенді болуы мүмкін деген шешім жасалған. Облыста қорық, ұлттық саябақтардан басқа, табиғи кешен компоненттеріндегі өзгерістерді болдырмайтын арнайы қорғалатын аумақтар жұмыс істейді.

Кез келген аумақтың топонимиясында ландшафтқа тән белгілердің бейнелену заңдылықтарын, ландшафтылық топонимдердің кеңістіктік таралуын зерттейтін топонимиканың саласын *ландшафтылық топонимика* деп атауға болады. Бұл ретте ландшафтының топонимикалық келбеті туралы мәселе көтеріледі. Біздің анықтауымыз бойынша, ландшафтының топонимикалық келбетін нақты географиялық ландшафтың ерекшеліктерін бейнелейтін, белгілі бір ландшафт түріне сәйкес жиынтығы болатын, негізін ландшафтылық терминдер құрайтын географиялық атаулардың тобы қалыптастырады /6/. Орманды далаға орман мен даланың аралығындағы табиғат зонасы ретінде осы екі зонаның да ландшафтылық ерекшеліктері тән болады: орман массивтері далалармен кезектесіп келеді. Осы топтамадағы терминдер арасында *ағаш* лексемасы басым еді. Мұны орманды далада дәстүрлі қазақ ортасында «ағаш» деп атайтын ұсақ жапырақты ормандар басым өсетіндігімен түсіндіруге болады. Ал *қарағай* сөзі мұнда тек нақты ағаш түріне ғана емес, жалпы қылқан жапырақтыларға қатысты қолданылған деп пайымдауға толық негіз бар. Дегенмен орманды далаға тән басым ағаш түрлері арасында (қайың, терек, көктерек) шоқ-шоқ ормандардан басқа қарағайдың орны ерекше болғандығын да ескеру қажет /6/.

Ертіс өзенінің оң жағалауында реликті таспалы қарағай ормандары «*Ертіс орманы*» (Павлодар обл.), «*Семей орманы*» (ШҚО) орналасқан. Ертіс өңірінің жасыл белдеуіндегі созылған мұндай қарағайлы орманды Қазақстанның басқа жерлерінен кездестіре алмаймыз. Бұл ормандардың топырақ пен су қорғағыштық маңызы бар. Резерваттардың ұйымдастыру мақсаты мен ережелері қорықшаларға ұқсас. Табиғи ресурстардың қорғалуына байланысты және жүргізілген жұмыстың сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Өсімдіктер мен жануарлардың жойылу қаупіндегі және сиреп кеткен түрлерін қорғау мақсатында құрылады.

Сондықтан резерваттарда орманды дала фаунасымен қоса, онда өсетін ағаш қоры қорғауға алынған. Қарағай ормандары бұл өңірлерде орынсыз кесу, өртеу әрекетінен жойылып барады. Қазіргі таңда (2000–2005 ж.) Семей өңірі мен Павлодар облысында болған өрт салдарынан Ертіс жағасындағы қарағайлы орманның 300 мыңға жуық гектары жанып кетті деуге болады. Ғарыштық және жер беті зерттеулерінің нәтижелеріне жүгінсек, бұл ормандардың 50 пайызы өрттен, орман зиянкестері мен аурулары және заңсыз ағаш кесу салдарынан зиян шекті /1/.

Сондықтан қатаң бақылауға алып, орман алқаптарын пайдалану жүйесін реттеп, ағаш отырғызу шараларын жүргізу арқылы қалыптасқан геоэкологиялық мәселелерді шешуге болады.

Ормандар (қарағай, шырша, балқарағай, самырсын, т.б.) Ертіс бойындағы тоғайлардың ареалы, бұрын әлдеқайда көп болғанын палеогеографиялық, палеоботаникалық зерттеулер

дәлелдеп отыр. Топонимдерде сақталған өсімдіктер атауларын ландшафт өзгерістерінің басты индекаторларының бірі ретінде бағалауға болады. Павлодар облысы аумағында өсімдік атауларының жүктемесі географиялық номенклатурада 449 фитотопоним, 40-тан астам өсімдік атауларында бейнеленді. Жазықтықтағы далалық ландшафтылар Павлодар облысы аумағын түгелімен қамтып отыр. Мысалы, *Байдала, Сарыдала, Кеңдала* атаулары оған негіз бола алады.

Дала зонасының жер бедерінде жазықтар мен ойпаттар басым болғандықтан, зонаның оронимдеріне талдау жасау барысында оларды қалыптастыруға 30-дан астам орографиялық терминнің қатысқанын анықтадық: *адыр, биік, жар, жота, қыр, оба, тау, тас, төбе, шағыл, шоқы, жарық, кемер, өзек, өткел, ой, сай, шұңқыр, айдар, арқа, бауыр, бел, бет, бүйрек, етек, жол, жамбас, жон, қас, кіндік, маңдай, төс, тұмсық және т.б.* Павлодар облысы аумағында тұщы, ащы-тұзды көлдер көптеп кездеседі. Өзен-көлдер, табиғи бұлақтар мен көздерді сипаттайтын гидронимиялық терминдер топтамасы дала зонасының ландшафтыларына тән келеді. Мысалы, *ащы, бидайық, батпақ, былқылдақ, жалтыр, жалпақ, көл, қақ, қамыс, қопа, сор, тақыр, томар, тұз*, т.б. атауға болады. Жайылымдық терминдер арқылы фитонимдер мен ландшафт ерекшеліктері жөнінде мол ақпарат алуға болады. Атап айтсақ, *боз, қоңыр, шұбар, құм, шақат, төскей, күнгей, жерқара, қағыл, қараш, жайма, саз, қамыс, тогай, шілік, ши, алаң, жайлау, күзеу, қыстау, көктеу, қорық және т.б.* жайылымдық терминдер ландшафт ерекшеліктерін нақты сипаттайды. Павлодар облысы аумағында табиғаттың қорғауға алынған жекелеген нысандарына сирек кездесетін геологиялық құрылымдар қима, үгілуден пайда болған тау жыныстарының ерекше формалары, сирек кездесетін ағаштар мен өсімдіктер, бұлақтар мен сарқырамалар жатады. Мысалы, Павлодар қаласының солтүстік-батысы Ертіс өзенінің оң жағалауында орналасқан «Құс жолы» республикалық маңызы бар (1971) табиғат ескерткіші палеогеографиялық, палеоландшафтық зерттеулерде арнайы бағдар беруші нысан бола алатындығымен түсіндіріледі. Бұл жерден неоген дәуірінің осыдан 6–7 млн жыл бұрын тіршілік еткен керік, қарақұйрық, мүйізтұмсық, қылыш тісті жолбарыс, гиппарион, пілдер, т.б. жануарлардың қаңқа сүйектері табылды. Табиғи–мәдени мұраларды сақтау Қазақстанның солтүстік–шығыс өңіріндегі тұрақты экологиялық жағдайды қамтамасыз ететін негізгі алғы шарттар болып табылады. Осы аумақтың эстетикалық, ғылыми–мәдени құндылығы бар, көз тартатын әмбебап табиғи нысандарына:

- Баянауыл мемлекеттік табиғи ұлттық саябағы;
- «Құс жолы» табиғат ескерткіші (палеонтологиялық);
- Қызылтау мемлекеттік қорықшасы (зоологиялық);
- Ертіс өзені жайылмасы мемлекеттік қорықшасын жатқызуға болады /7/.

Ерекше жаратылысқа ие болған Баянауыл таулы өлкесінің флорасы бай, өсімдік әлемінің 438 түрі кездеседі. Оның 9 түрі «Қызыл кітапқа» енген. Олар Павлов итмұрыны, көктемгі адонис, Коржинский миясы, қауырсынды селеу, қызғылт семізот, көк қияқ, қазақ аршасы, папоротник және қандықарағаш. Соңғы екеуін сонау зіл (мамонт) заманының ескерткіші ретінде қарастыруға болады.

Қандықарағаш (реликт) орманы (50 га) тек осы Баянауылда ғана сақталған, таудың бұлақ бойында өсетін су сүйгіш ағаш түрі болып саналады. Ұлттық саябақтың аумағы – 50,6 мың га, соның ішінде орманды алқап – 18,2 мың га. Ұлттық саябақтың аумағы үш филиалға бөлінген: Баянауыл (19,1 мың га), Жасыбай (22,9 мың га) және Далба (8,5 мың га). 1994 жылы ұлттық саябақ құрамына Қызылтау мемлекеттік табиғи қорықшасы (60,0 мың га) қосылды. Онда арқардың санын көбейту және қорғау қолға алынған. *Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр Біржанкөл* көлдерінің жағалары туристік және экскурсия саяхат маршруттарын ұйымдастыруға қолайлы орталықтары кіреді (6,1 мың га). Саябақтың аумағында ұзақ уақыт үгілу әрекетінен пайда болған қайталанбас жартастар, шоқылар кездеседі. Сыртқы пішініне байланысты «*Кемпір тас*», «*Найзатас*», «*Үңгіртас*», «*Драверт қуысы*», «*Ат басы*» және т.б. деп аталады /7/.

Біз анықтаған ерекшеліктер ретінде бұл атаулардың барлығы дерлік табиғи нысандарға сәйкес келуін және атаулардың көпшілігін географиялық терминдер кұрайтынын (орографиялық және гидрографиялық) зоонимдер мен фитонимдер негізінде қалыптасқанын аңғаруға болады.

Ертіс – Баянауыл өңіріндегі келешегі бар қорықшалар мен республикалық маңызды гидрографиялық нысандар тізімі және (Ертіс өзені жайылмасы) олардың орналасқан орны Қ.Т. Сапаровтың «Павлодар облысы табиғи–рекреациялық ресурстар» атты картасында бейнеленген (1 сур.).

Қорғалатын табиғи аумақтарды өз ерекшеліктеріне қарай мәселесі ҚТА (қорғалатын табиғи аумақтар) жүйесіне құрылымын сипаттайтын және ол өзінше қиын әрі қарама–қайшылы немесе даулы ғылыми–әдістемелік мәселе екендігі де шындық. Бұл мәселені жан–жақты қарастырып, тиімді шешу өз мезгіліндегі және дәл бағытталған жұмыс болары сөзсіз, әрі қорғалатын аумақтар жүйесін дамытуға мүмкіндік береді.

ҚТА жүйелерін құру қажеттілігі алғаш рет Н.Ф. Реймерс, Ф.Р. Штильмарк (1978), Ю.Б. Родоман (1981) және Ю.А. Исаковтардың (1983), Еуропа мен Балтық елдерінің ғалымдарының еңбектерінде, мысалы Латвия тәжірибесінде А.Ж. Меллуманы (1982), П.П. Кавалюскас (Литва), ал Қазақстанда қорғалатын аумақтар жүйесі қандай ұстанымдарға сай келу қажеттілігі О.Т. Айдаровтың еңбектерінде алғаш рет (2006) қарастырылды /8/. Сондықтан бұл жұмыстардың шешімін табу үшін арнайы далалық кешенді зерттеу жүргізу қажеттілігі туындайды. ҚТА жүйесін құру үшін алдынала жерлерді таңдау негізінен әртүрлі тақырыптағы, әсіресе ландшафт картасын пайдаланып талдау арқылы жүзеге асады. Павлодар облысы аумағында болашағы бар табиғат ескерткіштер мен қорықшалар көптеп кездеседі (1 сур.). Оларды болашақ ұрпақ үшін сақтау мен қорғау – бүгінгі күннің басты талабы. Оларды сақтау мен қорғау (ҚТА) жүйесінің қарамағына енгізу арқылы ғана іске асырылады. Геоақпараттық жүйе (ГАЗ) арқылы үлгілеу табиғи (ландшафтық), геоэкологиялық аудандау, әлеуметтік – экономикалық, т.б. карталарды салыстыра талдау, жан–жақты сапалы баға беру және ҚТА-ға қажетті аумақтарды таңдаудағы оның ғылыми, мәдени-тарихи негіз болуы болашақтағы қорғалатын аумақтар жүйесін құрудың мәліметтік базасы бола алады.

Болашақта табиғат ескерткіштері қатарына жаңадан *Павлодар облысында «Маралды көлі»* мен *«Мойылды»* сияқты қайталанбас географиялық нысандар қосылады деген үміттеміз. Табиғатты қорғау жөніндегі шаралар көбінесе тек экономикалық және экологиялық ғана емес, сондай-ақ саяси міндеттерді шешу үшін пайдаланылады. Табиғатты қорғау мәселелері сан қырлы. Оларды шешуде бірін-бірі толықтырып отыратын экологиялық және географиялық, (кешенді-далалық), геоақпараттық жүйе (ГАЗ), топонимиялық, т.б. зерттеу әдістерінің орны ерекше. Жергілікті өлкенің ландшафт ерекшеліктерінен мол ақпарат беретін топонимдер жүйесі, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаның даму заңдылықтарын танып – білуде маңызды рөл атқарады.

1. Бейсенова Ә.С., Самакова А.Б., Есполов Т.И., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану: оқулық. – Алматы: Ғылым, 2004. – 328 б.
2. Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией. По исследованию степных областей. – СПб., 1901–1903. – Т. I–XIII.
3. Букейханов А. Киргизы // Формы национального движения в современных государствах. – СПб., 1910. – С. 578–582.
4. Материалы по Киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. – Воронеж, 1903. – Т. IV. – 386 с.
5. Ландшафтное и биологическое разнообразие Республики Казахстан информационно-аналитический обзор Программы Развития ООН / под ред. канд. биолог. наук И. Миршахимова. – Алматы: ОО «OST – XXI век», 2005. – 242 с.

6. Каймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы: монография. – Алматы: «Те-Color» баспасы, 2010. – 280 б.
7. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысы топонимикалық кеңістігі. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 307 б.
8. Айдаров О.Т. Шығыс Арал өңірінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін қалыптастырудың геоэкологиялық негіздері (Қызылорда облысы негізінде): географ. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2006. – 16 б.

